

Моторлы және өздігінен жүрмейтін теміржол вагондарының жекелеген түрлеріне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 25 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссияның Кеңесі **шешті**:

1. ЕАЭО СЭҚ ТН 8603 10 000 2 және 8605 00 000 2 кодтарымен сыныпталатын моторлы және өздігінен жүрмейтін теміржол вагондарының жекелеген түрлеріне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері осы Шешім күшіне енген күннен бастап 2016 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы аралықта кеден құнының 0 пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН 8605 00 000 3 коды бар позициясындағы "23C)" ескертуіне сілтеме алып тасталсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне 23C ескертуіндегі "2014 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 25 шешімі күшіне енген күннен бастап 2016 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы аралықта" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасынан В. Габриелян	Беларусь Республикасынан В. Матюшевский	Қазақстан Республикасынан Б. Сағынтаев	Ресей Федерациясынан И. Шувалов
--	---	--	------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК